

Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемеақы белгілеу туралы

Жамбыл облысы Байзақ аудандық мәслихатының 2023 жылғы 23 тамыздағы № 7-11 шешімі

"Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметі 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысы 5-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес, Байзақ ауданы мәслихаты

ШЕШТІ:

1. Жергілікті атқарушы органы айқындаған тәртіпте Байзақ ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің "Жастар ресурстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларына жергілікті бюджеттен ынталандыру үстемеақысы 50% пайыздан аспайтынкөлемінде белгіленсін.

2. Осы шешім 2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап күшіне енеді.

Аудандық мәслихат төрағасы

Б. Ақбаев